



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты ІХ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ІХ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың ІХ Халықаралық ғылыми конференциясы = ІХ Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5830 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2014

4.4 Түркітану

УДК [811.512.122,28:811.512.1] (574. 1/5)

ҚАЗАҚ ДИАЛЕКТИЛЕРІ ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ БАТЫС ГОВОРЛАРЫНЫҢ ҚАРЛҰҚ, ОҒЫЗ ТІЛДЕР ТОПТАРЫНА ТӘН ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адилов Марлен Ерланович

Adilov_me@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, ХҚФ, Түркітану кафедрасының оқытушысы, Астана,
Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Ж.Карини, доктор phd, доц.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері дегенде алдымен ауызға алынатыны да, оның ең көлемді бөлігі де лексикалық ерекшеліктер. Себебі диалектикалық лексика халық өмірінің отбасы, ошақ қасынан бастап, бүкіл тұрмыс-тіршілігін қамтиды. Онда етене араласып отырған көрші халықтар тілінің көріністері де, қоғамдық-экономикалық өзгерістерге, тарихи жағдайларға байланысты басқа кірме сөздер де, жергілікті кәсіптің ерекшелігі болуы да заңды құбылыс. Солай келгенде қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктер тарихы, шығу тегі жағынан 2 топқа бөлінеді:

- қазақ тілі мен оның говорларына тән өзіндік тума элементтер;
- қазақ говорларына басқа тілдерден ауысқан кірме элементтер (араб, иран, орыс және көрші түркі тілдес халықтар тілінен енген сөздер) [1, 56].

«Қазақ говорлары тек көне замандағы ру, тайпа тілдерінің қалдығы ретінде сақталып қалған байырғы, дәстүрлі сөздер мен тұлғалардан құралмайды, бұндағы диалектілік ерекшеліктердің бірсыпырасы – көрші тілдерден ауысып келген сөздер мен тұлғалар. Оның ішінде түркі тілдес халықтардың әсері айтарлықтай байқалады. Мысалы, Өзбекстанмен шектес жатқан Шымкент облысы тұрғындарының тілінде өзбек тілінен енген сөздер көп. Жетісудың шығыс жағын мекендеген қазақтардың тілінде ұйғыр сөзі араласса, батыс қазақтарының тілінде татар, ноғай, башқұрт, сонымен қатар оғыз тілдерінің сөздері қосылып кеткен» [2, 90б], - деп Ш. Сарыбаев, Ғ. Қалиев пікір айтқан еді.

Бір жағынан көрші түркі халықтары тілдерінен қазақ тіліне енді дегенге де күмәнмен қарауға болады. Неге десек, қазақ тілінің өзі әбден қалыптасып жаңа нормаланған тілге айналғаны кеше ғана, қазақ мемлекетінің құрылғаны да сонау көне заман емес, тағы үш жүздің бөлек хандық құрғаны, тайпалардың жеке тұрғаны қазақ диалектілерінің сол жердегі халықтың тума тілдік ерекшеліктері болуы ғажап емес. Кейбір диалектілік сөздер бір говорға тән болып, олар сонау көне дәуірден сол мекенде мекен еткен тайпалар тілінің қалдығы болуы мүмкін, өйткені Қазақстан сияқты кең алқыпты, түрлі тайпалар мекендеген жерлерде түрлі түркі тілдес тайпалардың ізі бар болуы тиіс.

Осы жерде батыс қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым С. Омарбековтың пікірін қосу орынды, өйткені ол кісі: «Тіліміздегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеудің қазақ елі мен басқа түркі тілдес халықтар арасындағы кейбір тілдік, этногенездік байланыстарды түсіндіріп беруде де елеулі мәні бар. Қазақ тілінде кездесетін бірқатар диалектілік құбылыстардың осы күнгі түркі тілдерінің, көне түркі жазуларының материалдарымен үйлес келіп отыруы – шынында да, тегін емес. Бұл секілді тілдік құбылыстардың осы халықтардың тарихи тағдырындағы бір кездердегі ортақ жайларды меңзейтіні талассыз» [3, 146], - деген еді. Расында, диалектілік құбылыстар туыстас тілдердің материалдарымен неғұрлым ұқсас келген сайын, олардың тілдің тарихи даму ерекшеліктерін анықтаудағы берер дерегі де соғұрлым мол болмақ деп ойлаймыз.

Тілдегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеу арқылы қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен туыстығын көрсететін тілдік нақты фактілердің көлемі кеңейеді. Оған жоғарыда келтірілгендерден басқа тағы мынадай мысалдар айтуға болады. Кейбір батыс говорларында

кездесетін алажақ (алашақ, алатын), бережақ (берешек, беретін) формалары немесе әдеби тілде т айтылатын жерде д айтылуы (г-к) т.б. тізе-дізе т.б., сонымен қатар батыс қазақтарының сөйленістеріндегі қалайсың деген мағынаға саятын актив қолданылатын «не хабар?» сөз тіркесі (түрік тілінде «ne haber» де жоғарыдағы мәнді білдіреді), Атырау қазақтарының рахмет мәніндегі «сау бол» сөзі түрік тілінде де «sağ ol» болып, қоштасу мәнінде емес, рахмет мәнінде жұмсалады. Тағы бір қызығы Анадолы түріктері ауызекі тілінде бір сөзді еске алмай тұрғанда «не еді» дегенді білдіретін *şey* сөзін жиі қолданады. Ол сөзді түрік тілінен қазақ тіліне «зат» болып аударылады. Солай батыс қазақтары ауызекі тілінде бір сөздің алдына «зат» сөзін қосып сөйлеу әдетке айналған. Бұлар қазақ тілінде сақталып қалған оғыз тілдерінің негізгі белгілері болып табылады. Лексикалық қоры мен грамматикалық ерекшеліктерінде түркі тілдерінің оғыз тобына тән ұқсас келетін батыс говоры туралы сөзімізді жалғастырып көрейік:

С. Аманжоловтың бөлуі бойынша қазақ тілінің батыс диалектісіне алшын тайпалар одағының тілі жатады. [10, 185б]. Бұл тайпалар ежелден Арал, Каспий алқабын, Жайық, Ор өзендері бойларын мекен еткен. Қазіргі әкімшілік бөлу бойынша батыс диалектісі БҚО, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарын және Қостанай, Қызылорда облыстарының кейбір аудандарын қамтиды. Алшын тайпалар одағы оңтүстігінде қазақ тілінің оңтүстік диалектісімен, қарақалпақтармен, оңтүстік-батысында түрікмендермен; солтүстік-батысында татар, ноғайлармен, солтүстік-шығысында башқұрттармен шектескен. Алшын тайпалар одағы өз ішінен біртұтас емес: әлімұлы (6 ата), байұлы (12 ата), жетіру (7 ата) сияқты үш тайпалық бірлестіктен құралған. Бұл тайпалар ерте замандардан бастап басқа қазақ тайпаларынан оқшауланып келді. XVII ғасырдың бас кезіне дейін Ноғай ордасының қарамағында болып, басқа қазақ жүздеріне ең соңынан қосылғаны тарихтан белгілі. Жоғарыда айтылған тайпалық бірлестіктер әр түрлі тарихи жағдайға байланысты ұзақ уақыт бойы оқшауланып келгендіктен олардың тайпалық тілдері бір жергілікті диалект болып қалыптасқан. Бұл қазақ тілінің батыс диалектісі деп аталады.

Ал грамматикалық, лексикалық ерекшеліктеріне келгенде батыс диалектісін зерттеген ғалым С. Омарбековтың пікіріне жүгінеміз: Батыс диалектісінің лексикалық ерекшелігі дегенде ғалым: «Құрамы жағынан алғанда тұрғындардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің басым көпшілігі тіл дамуының өткендегі дәуірлеріне тән, говорда сақталып қалған тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса қалған бірсыпыра лексикалық құбылыстардың тағдыры Маңғыстау қазақтарымен бұрын-соңды қарым-қатынаста болған көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты. Құрамы жағынан алғанда тұрғындардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің басым көпшілігі тіл дамуының өткендегі дәуірлеріне тән, говорда сақталып қалған тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса, қалған бірсыпыра лексикалық құбылыстардың тағдыры Маңғыстау қазақтарымен бұрын-соңды қарым-қатынаста болған көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты [3, 54б.], - деп айтқан еді.

Осының бәріне анық қанығына жету болашақтың еншісі. Әзірге талданған мысалдарымызды ұсынып көрейік:

Азын-шоғын (Орал, Чап.) – азды-көпті, біраз. Осындағы «шоғын» деген сөз түрік тіліндегі *көп* мағынасын білдіретін «*çok*» сөзіне сәйкес келеді. Осы говорлық сөзден оғыз тобының элементін анық байқаймыз. Бұл сөз басқа тілден енген бе екен, әлде сол халық тілінде бұрыннан бар сөз бе екен, соны анықтау қажет етеді. Алайда «шок» қазақ тілінде ертеректен бар сөз деп білеміз, өйткені қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *шок-шок* – топ-топ деп берілген [11, 919 б]. Топ-топ деп көрсетілген өзінде оның «көп» деген мағынаға жақын екенін байқаймыз.

Ән сәтте (Орал, Жымп.) – жылдам, әп сәтте, тез арада. Бұндағы *ән* сөзі түрік тілінде *ап* түрінде «сәт» деген мағынада қолданылады. *Ән* сөзінің *сәт* мағынасында қазақ тілінде қолданылған ба әлде бұл сөз тек бір жерге тән, көрші тілден енген сөз ба, осыны анықтау міндетіміз.

Дыбысты адам (Қ.орда: Арал) – атақты адам. Түрік тілінде атақтының орнына дыбыс деген мәнді беретін *inlü*сөзін пайдаланады. Ал *in* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы «дыбыс» болғандықтан, *дыбысты* деген говорлық сөз пайда болды.

Жарын (Орал: Чап., Жымп.; Ақт.: Ойыл, Ырғ., Шалқ.; Арал; Атырау; Орынб.) келер уақыт, келесі рет, ертең, келесі жыл. Бұдан да бітік өседі, еккен тарың жарын (Н. Байғ.) [6, 270б]. Бір қызығы қазіргі түрік тілінде «*уагп*»*ертең* дегенді білдіріп актив қолданылады. Сонда Батыс Қазақстандағы *жарын* сөзінің түрік тіліндегі *уагп* сөзінен келген бе, әлде бұл сөз бұл жерде мекен еткен тайпалардың бұрыннан қолданылып келген сөзі ма, бұл да шешілуі тиіс мәселе.

Жары (Батыс диалектісі) – жартысы. Түрікше *уагисі*.

Жұнт (Атырау, Маңғ.) – мұқаба, кітаптың мұқабасы [6, 118б]. Оғыз тобына кіретін түрік тілінде бұл сөз *silt* жоғарыдағы мәніндегідей қолданылады. Тағы жент деген варианты (Көкш., Қ.ту) кітаптың қатты мұқабасында деген мәнінде Көкшетау жақтағы, Қызылту елді-мекенінде қолданылады екен [6, 286 б].

Сой (батыс диалектісі) – нәсіл, ұрпақ (3, 107 б.). Түрік тілінде де солай. Сонымен қатар *сойлас* деген сөз Маңғыстау облысында рулас мәнінде айтылады.

Шегу – таразыға тарту, таразыға өлшеу. Шеккіге шегу. Атыраудың Еспол, Теңіз аудандарында айтылады [3, 215б]. Ноғай тілінде де шек сөзі қолданылады. Шеккі (Атырау, Маңғ.) – таразы. Ноғайша шекки. Батыс Қазақстан өлкесінде *шегу* етістігі бір нәрсені таразыға өлшеу мағынасында жұмсалады. «Атты арбаға шегу» деп қытай қазақтары да айтады екен. Қазақ тілінде «шегу» деген сөздің орнына «тарту» сөзі жиі кездеседі. Жоғарыда говорда кездескен шегу сөзі қазақ тілінде тарту түрінде жүреді. Алайда, азап шекті – азап тартты, темекі шекті деген сияқты бірең-сараң сөздерде тартты деген мағынада жұмсалады.

Шуал (Батыс говоры) – тезек қап. Бір шуал тезек [3, 77б]. Оғыз тілдер тобында бұл сөз *cuval* болып актив қолданылады.

Ілкі (Орал, Қазт.) алғашқы, әуелгі. Қазіргі түрік тілінде *ilk*сөзі алғашқы, бірінші мәнінде актив қолданылады. *Ілкі* сөзі түркі жазуларында да «алғашқы» мағынасында жұмсалады. Мысалы: аң ілкі Тадықын Нұрың боз атығ бiнiп тагдi, ол ат анта [9, 22б]. М. Қашқариде де ілкі сөзі сол жоғарыдағы мағынасында кездеседі.

Оңтүстік говорына келсек, бұнда қарлұқ элементтері жиі кездеседі.

С. Аманжолов қазақ тілінің оңтүстік диалектінде бұрынғы үйсін, қаңлы, дулат және жалайыр тайпа одақтарының тілін жатқызады. [10, 144б]. Бұл одақтар ерте замандардан бастап-ақ Жетісу, Сырдария және Алатау алқабын, яғни қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының жерін мекен еткен, олар шығысында – Шынжанмен (ұйғыр), солтүстік-шығысында – найман, керей, қоңырат тайпаларымен, солтүстік-батысында – алшын тайпалар одағымен, оңтүстігінде – өзбек, қырғыздармен шектескен. Бұл диалектінің қалыптасуына көрші жатқан өзбек, ұйғыр, қырғыз халықтарының тілі де әсер етті. Ұлы жүздің бір кездері Қоқан, Хиуа хандықтары қол астында болуы бұл диалектіге өзбек тілінің ықпалын күшейте түсті. Бірақ кейбір сөздерде оғыз элементтері де басым түседі. Келесі мысалдардан біз осыны байқаймыз:

Ада қылу (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Шу, Қорд.) – бітіру, аяқтау [6, 24б]. Өзбек тілінде *адо* – кончатся, завершаться [8, 20с]. Ұйғыр тілінде де солай. Бұдан шығатын қорытынды, бұл сөз өзбек тілінен енген болуы керек.

Ауқат (Шымк., Жамб., Талд., Алм.) тамақ, ас [6, 91б]. Өзбек тілінде *овхат* [8, 301с]. Осы ауқат сөзінің Шымкент диалектісіне өзбек тілінен, ал Алматы облысына ұйғыр тілінен енгені анық байқалады.

Әммәсі (Алм.: Шел.) - барлығы [6, 116б]. Өзбек, ұйғыр тілінде *хәммәсі*. Алматы облысы Шелек ауданында бұл сөздің кең қолданылуы ол жердегі ұйғыр ұлтының тығыз қоныстануына байланысты болса керек.

Бәз уақытта (ОҚО) – кей уақытта. Осындағы «бәз» сөзі өзбек тілінде *баъзан*, түрік тілінде *bazen* болып қолданылады.

Биратола (Гур., Маңғ., Шымк.) біржола [6, 197б]. Биратула заодно [8, 68с].

Гәп (Шымк., Сарыағ., Қазығ.) хабар, сөз, отырыс [6,202б]. Өзбек тілінің сөздігінде бұлайша берілген: Гап слово, реч; вечеринка с угощением. [8,104с]. Қытайдағы қазақтар тілінде де қолданылады осы сөз. Енді бұдан да байқайтынымыз, Шымкент облысына өзбек тілінен ауысқан, ал Қытай қазақтары тіліне ұйғыр тілінен ауысқан болуы керек.

Дада (Жамб.: Жуа., Жам.) әке [6,209б]. Өзбек тілінің сөздігінде былайша берілген: Дада разг. Папа, отец (обращение женщины, имеющий детей, к своему мужу). Ада деп те өзбек тілінде айтылады [8,111с].

Дес орамал (оңтүстік говоры) – қол орамал. Бұл сөз өзбекте досмал, ұйғырда дәстромал болып айтылады. Түрік тіліндегі destek vermek (қолдау) етістігіндегі dest сөзінің жоғарыдағыдай қол мағынасында екенін байқау қиын емес.

Жүдә (Оңт. диал.) – өте, аса, тым. Өзбекше *жуда* – өте, аса [8, 230б].

Емектеу (Шымк., Шәу.) еңбектеу. Әнжанда мақтаны емектеп шабады дейді (Шымк., Шәу.) [6, 241б]. Еңбек сөзінің емек болып келуі оғыз вариантына ұқсас келеді, өйткені түрік тілінде еңбек сөзі «емек» болып келеді.

Қоңсы (Оңт. диал.) – көрші. Қарақалпақ тілінде, қытай қазақтары тілдерінде қоңсы, түрік тілінде komşu. Түрікмен, әзербайжан тілдерінде *konşu*. Түркі тілдерінің көбінде *қоңсы* болып келетінін байқадық. Ал қазақ тілінде көрші болып қолданылады, тек қоңсы қону деген сияқты сөз тіркесінде жұмсалады.

Құйы (Жамб, Мерке) – 1) шұңқыр, 2) судың терең жері, 3) терең, көп білетін адам. Құй – құдық мағынасындағы көне сөз. А. Ысқақовтың пікірінше, құй сөзі көне түркі және моңғол тілдерінде құд – құды, құйы – құй болып келетін қазіргі қазақ тіліндегі құдық деген мағынадағы сөзбен тәркіндес. Расында түркі тілдерінің көбінде құдық сөзі *құйы* түрінде кездеседі.

Мұштау (Оңтүстік.) – жұдырықтау, төбелеу. Өзбекше муштолмоқ сол мағынада [8,271 б].

Таға (Қ. Орда, Жамб, Шымк. Өзб.) нағашы. 614 б. Түрікше дау-нағашы. Өзбекше тоға. Шығу тегі жағынан бұл сөз парсы тілінен болуы керек. Парсы тілінде *дай*, түрікше, түрікменше, қарақалпақша *дайы*. Жамбыл облысы, Мерке ауданында *тайеке* деп нағашыларын атайды екен. Шымкент жақ *таға* дейді. Мұны диалектолог ғалым М. Атабаева «*Таға* сөзі *дайы* парсы сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі», - деп айтады [1, 266].

Тұқым (Шымк.) жұмыртқа. Өзбек тілінде Тухум [8, 20с]. Ұйғырдың жанында жүрген Құлжа қазақтарында да солай қолданылады.

Тігу (Қ. орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб; Алм.: Ұзын., Жам.) – отырғызу, салу, егу [6, 659б]. Өзбекшеде *тикмоқ*, түрікшеде *dikmek* болады.

Шақалақ (Шымк.) нәресте, сәби, жас бала 691 б. Чакалоқ новорожденный, грудной ребенок 536 с. Шағанақ -

Сонымен, зерттеген батыс және оңтүстік говорлары тұрғындарының тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің басым көпшілігі тіл дамуының өткендегі дәуірлеріне тән, говорда сақталып қалған тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса, қалған бірсыпыра лексикалық құбылыстардың тағдыры бұл жердегі қазақтармен бұрын-соңды қарым-қатынаста болған көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты. Біз осы ерекшеліктерді байқап мысалдармен оны дәлелдей түстік.

Қорыта айтсақ, жергілікті халық тілінде кездесетін диалектілік ерекшеліктерді зерттеу мәселесі тіл білімінің ғылыми-теориялық та, практикалық та маңызы аса зор ең сүбелі мәселелерінің бірі. Диалектілік ерекшеліктері егжей-тегжейіне дейін қамтылып ескерілмейінше, ешбір ұлттық яки халықтық тілдің ғылыми тарихы жасалмақ емес. Өйткені диалектілік құбылыстар тілдерде кездейсоқ пайда болмаған, олардың халық тілінде өмір сүруінің әр алуан тарихи-лингвистикалық сыры бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Атабаева М. Диалектілік сөз мағынасы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. - 116 бет.

2. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 200 бет.
3. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2008, - 224 бет.
4. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы. 1955, - 229 бет
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-ата, 1959.
6. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 бет.
7. Узбекско-русский словарь. – Ташкент: Главная редакция Узбекской Советской Энциклопедии, 1988. – 726 бет.
8. Юсуф Б. Узбекча туркча луғат. - Тошкент: Узбекистон, 1993. – 416 бет.
9. Tekin T. Orhon Yazitları. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2010. – 232 s.
10. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть I. Алма-ата, 1959.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. -968 б.
12. Байниязов А., Байниязова Ж. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2012 ж. – 495 б.

УДК 398 (=512.1)

ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ОБРАЗЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аманбайқызы Дина

sarikiz91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Түрктану кафедрасының 6M020500 – Филология: түркі тілдері мамандығының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – И.Нұрахметұлы

Жылқы образы әлем халықтары фольклорында ежелден қалыптасқан. Соған қарамастан жылқы образы ең көп кездесетін фольклор түркі фольклоры деуге болады. Себебі жылқы образы түркі фольклорында ең кең таралған аса күрделі, әрі көркем образ. Сонымен бірге түркі халықтарының этнографиясында да жылқыға қатысты ұғымдар көп кездеседі. Жылқыға байланысты салт-дәстүрлер де жеткілікті. Төрт түлігі сай болса, төрт құбыласы тең болатын, көшпелі тұрмыс салтын ұстанған түркі халқы үшін жануарлардың бәрінің де өзіндік орны бар. Олар тұз тағыларын қолға үйретіп, етін азық, терісін киім үшін тұрмыстық мақсатта пайдалана білген. Жануарларды асырап-баптаудың әдіс-тәсілдерін ерте меңгерген. Көшпелі түркілердің тұрмыс -тіршілігінде, жылқының атқарар қызметі, алар орны ерекше. Түркілер жылқыны қолға үйреткеннен кейін, алыс аралықтарды бағындырып, өркениеттің жаңа сатысына қадам басқан. Көшпенділер тіршілігі үшін қоныс ауыстыру, алыс жолдарға жолаушылау, алыс жерлерге ауыр жүктерді жеткізуде жылқы аса күшті әрі шапшаң тасымалдаушы көлік болған. Жылқы бейбіт күнде мініс көлігі, жаугершілікте батырдың сенімді серігі, еті азық, қымызы сусын бірегей түлік. Халық тұрмысының сән - салтанатын асыратын да жылқы. «Жылқыны ең ерте қолға үйреткен халық түркі халықтары» [1, 181 б]. Көне түркілердің жылқыны қай дәуірде, қашан қолға үйреткені туралы нақты дерек жоқ. «Жаңа тас құралдар дәуіріне келгенде, адамзат үй жануарларын қолға үйретіп, тырнаштап егін сала бастады» [2, 1 б], деген пікірге келіссек, жылқының көшпелілер өмірінде қолға үйретілуі онан әлде қайда бұрын болғанына аналогия жасауға болады. Ежелгі және орта ғасырларда жылқыны ең көп пайдаланған да түркі халықтары екені даусыз. Көптеген халықтарда патшалар мен бай манаптардың қолы ғана жететін қасиетті түлік, кез келген түркі киіз үйінің алдында ат ағашта байлаулы тұрғанын елестету қиын емес. Көшпелі түріктердің өмірінің мәні де, сәні де, олардың күш-қуаты да жылқыда еді. Ертегілер мен эпостарда тұлпардың рөлі батырдан бір де кем емес. Өйткені батырдың жауын жеңуі де, жұрт алдындағы беделінің биіктігі де тұлпармен тікелей байланысты. Эпос, ертегі қаһармандары мен олардың тұлпарлары нақты өмірде кездесе бермейтін, халықтың арман-мұратынан туған идеал образдар. Бұл туралы В.Я. Бутанаев «Мир хонгорского